

## Астана қаласы «Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстары аясында жоғары оқу орындары мен колледж өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға оқу орындары, мамандықтар, қабылдау талаптары мен оқу мүмкіндіктері туралы толық ақпарат берілді. Іс-шара оқушылардың болашақ мамандықты саналы таңдауына және оқу бағытын нақтылауына ықпал етті.

### Мақсаты:

Оқушыларды жоғары оқу орындары мен колледждер туралы ақпараттандыру, болашақ мамандықты дұрыс таңдауға бағыттау.

### Міндеттері:

- ЖОО мен колледждерде оқыту бағыттарымен таныстыру;
- Түсу талаптары мен оқу мүмкіндіктері туралы мәлімет беру;
- Оқушылардың кәсіби қызығушылығын арттыру.

### Нәтижесі:

Оқушылар жоғары оқу орындары мен колледждер жайлы толық мағлұмат алып, өз болашақ мамандығын таңдауға нақты бағыт алды.

### Болашақ мамандармен кездесу

2025 жылдың 4-ші қарашасында М.Тынышбаев атындағы Астана АЛТ көлік колледжі өкілдері мектептің 9-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру кездесуін өткізді.

Кездесудің басты мақсаты оқушыларға заманауи мамандықтар туралы түсінік беру, жоғары оқу орнының мүмкіндіктерін таныстыру және болашақта мамандық таңдауға бағыт-бағдар көрсету болды.

Кездесу барысында академия өкілдері оқу бағыттары, білім беру бағдарламалары, гранттық мүмкіндіктер мен студенттік өмір жайлы толық ақпарат берді. Оқушылар көлік, логистика, ақпараттық технологиялар саласындағы мамандықтар туралы қызықты мәліметтер алып, сұрақтарына жауап алды.





Олар колледжде даярланатын негізгі бағыттарға тоқталды, атап айтқанда:

- Теміржол көлігі және логистика,
- Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету,
- Электрмен қамтамасыз ету,
- Ақпараттық жүйелер және бағдарламалау,
- Экономика және есеп,
- Көлік құрылысы және жол

шаруашылығы мамандықтары туралы мәлімет берілді.

**04.11.2025**



### **Салауатты өмір салтын қалыптастыру**

4 қараша мектебімізде Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының дәрігер-диетологы Жанна Нұрбергеннің қатысуымен 8–11 сынып оқушыларына арналған кездесу өтті.

☞ Кездесудің негізгі мақсаты — оқушылардың денсаулық мәдениетін арттыру, дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсіндіру болды. Дәрігер-диетолог оқушыларға пайдалы және зиянды тағамдар туралы, күнделікті рационды дұрыс құру, су ішу режимі, физикалық белсенділіктің рөлі және зиянды әдеттердің алдын алу жолдары жөнінде жан-жақты мәлімет берді.

Сонымен қатар, маман оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, әркімнің өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы керектігін атап өтті. Бұл кездесу 2025 жылға арналған Денсаулық сақтау саласын дамыту тұжырымдамасы аясында және салауатты өмір салтын насихаттау апталығының бір бөлігі ретінде өткізілді.

**04.11.2025**



## «Шипагер» медициналық колледжі

6 қараша 2025 жылы мектебімізде Астана қаласындағы «Шипагер» медициналық колледжімен байланыс орнатылып, 9-сынып түлектерімен кездесу өтті. Кездесу барысында колледждің кәсіби бағдар берушісі, оқытушы Қосмағұлова Баян Сағынғалиевна (@shipager\_med\_college) оқушыларға медицина саласының маңызы, дәрігер мамандығының жауапкершілігі мен абыройы туралы әсерлі әңгіме өрбітті. Сонымен қатар колледжде оқытылатын бағыттар мен заманауи медициналық жабдықтар туралы бейнематериалдар көрсетілді. Бұл кездесу оқушыларға өз болашақ мамандығын саналы таңдауға, медицина саласына деген қызығушылығын арттыруға үлкен мүмкіндік берді.



06.11.2025



## Esil University өкілдерімен кездесу

12 қараша күні Esil University өкілдері 10–11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында университетті таныстыру кездесуін өткізді.

Кездесу барысында оқушыларға университеттің білім беру бағдарламалары, мамандықтар, оқу шарттары және болашақтағы жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы жан-жақты ақпарат берілді. Сонымен қатар университет өкілдері оқу үдерісінің ерекшеліктерін, студенттік өмірді және академиялық ұтқырлық бағдарламаларын таныстырды. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, толық әрі нақты жауаптар алды. Аталған кәсіптік бағдар беру іс-шарасы оқушылардың жоғары оқу орындары туралы түсінігін кеңейтіп, болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауына ықпал етті.



## Қазақ автомобиль-жол институты (ҚАЗАЖИ)

Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты (ҚАЗАЖИ) жалпы білім беретін мектептердің 9–11-сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында институт өкілдері оқушыларға оқу орнының білім беру бағдарламалары, мамандық бағыттары және жоғары оқу орнында ұсынылатын мүмкіндіктер туралы жан-жақты ақпарат берді. Оқушылар инженерия, құрылыс, автокөлік жолдары, логистика, ақпараттық технологиялар және өндірістік-техникалық бағыттар бойынша дайындық бағдарламаларымен танысты.



Сонымен қатар институттың материалдық-техникалық базасы, зертханалары, оқу-өндірістік тәжірибесі, студенттерге арналған кәсіби даму мүмкіндіктері туралы мәліметтер ұсынылды.



Бұл кездесу оқушыларға болашақ мамандықты таңдауға бағыт-бағдар беріп, техникалық салаларға деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік жасады.

13.11.2025



## Қ.Құлжанова атындағы технология және бизнес университетінің кәсіби бағдар беру кездесуі

Қ.Құлжанова атындағы Технология және бизнес университеті 9–11-сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында мектепке келді. Университет өкілдері оқу орны туралы толық ақпарат беріп, техникалық, технологиялық, бизнес және сервис бағыттарындағы мамандықтармен таныстырды. Кездесу барысында оқушылар қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие салалар, мамандықты дұрыс таңдау жолдары, университеттің білім беру артықшылықтары және студенттерге ұсынылатын мүмкіндіктер туралы мағлұмат алды. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандықтар жайлы кеңес алды. Университетте бірнеше маңызды әрі заманауи бағыттар бойынша кадр даярланады. Атап айтқанда: дизайн, есеп және аудит, қаржы, туризм, биотехнология, бизнес және менеджмент, ақпараттық технологиялар, қызмет көрсету салалары, технологиялық мамандықтар сияқты салалар бойынша білім алуға мүмкіндік бар.



Бұл кездесу жоғары сынып оқушыларына болашақ кәсіби бағытын айқындауға көмектесіп, олардың түрлі салаларға деген қызығушылығын арттырды.

18.11.2025



## Кәсіби бағдар көкжиегі: мектеп пен оқу орындарының серіктестігі

18-ші қараша күні 9-сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмыстары аясында біздің мектепке KILC College өкілдері арнайы келді. Колледж мамандары оқушыларға оқу орны туралы кең көлемді ақпарат ұсынып, қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтарды таныстырды. Кездесу барысында колледждің білім беру жүйесі, оқу бағыттары, студенттерге арналған мүмкіндіктері және практикалық дайындық ерекшеліктері жан-жақты түсіндірілді. Кездесудің ерекше тұсы — таныстырылымның ағылшын тілінде жүргізілуі болды. Колледж өкілдері ағылшынша сөйлеп, оқушыларға халықаралық форматтағы таныстырылым көрсетті. Бұл оқушыларға шет тілін тыңдау, түсіну және ағылшын тілін практикада қолдану тәжірибесін берді. Сонымен қатар, оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, шынайы қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алды. KILC College мамандары IT, бизнес, бухгалтерлік есеп, графикалық дизайн, туризм, медицинаға даярлық сияқты түрлі бағыттарды таныстырды. Әр мамандықтың болашағы, оқыту мазмұны, практикалық сабақтардың өткізілу тәсілі және түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы нақты мысалдармен бөлісті. Оқушылар колледждің артықшылықтары, оқу талаптары мен студенттерге ұсынылатын қолдау туралы пайдалы мәлімет алды. Бұл кездесу оқушылардың кәсіби ой-өрісін кеңейтіп, болашақ мамандық таңдауына бағыт-бағдар берді. KILC College мамандарының мектепке келіп, ағылшын тілінде таныстырылым өткізуі 9-сынып оқушылары үшін өте құнды әрі мотивациялық тәжірибе болды. Оқушылар түрлі мамандықтармен танысып, өздерінің қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес келетін бағыттарды ойлана бастады.



## Кәсіптік-техникалық білім беру

22 желтоқсанда біздің мектепте сынып білім алушыларына арналған кәсіптік бағдар беру жұмысы өткізілді. Іс-шараны Смагулова Гульнар Жакиповна ұйымдастырып, оқушылардың болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға бағытталған мазмұнды ақпарат ұсынды. Кездесу барысында оқушылар: еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар туралы, жеке қызығушылық пен қабілетке сай кәсіп таңдаудың маңыздылығы, кәсіптік-техникалық білім берудің мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы кеңінен мәлімет алды.

